

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АДЛЕТ МИНИСТРИЛІГІ  
АКОМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ АДЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТИ  
ДІСКВЛ АУДАНАРАЛЫҚ АДЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
КАЙТА ТІРКЕУІ ЖУРГІЗІЛДІ**

20 жыл № 13. Канчар  
бұйғауыштың № 64069030060  
Атап көрсетілген тарихи: 10.08.1964



Ақмола облысы әкімдігінің  
2021 жылғы 5 кантардагы  
№ А-1/2 қаулысымен

бекітілді.



**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі туралы  
ереже**

### 1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласының аумағында білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Ақмола облысының білім беруді басқару органы «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бакылауында болады.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесінің осы Ереженің косымшасында көрсетілген ведомствога бағыныстагы үйымдары бар.

4. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен зандарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметтінің актілеріне, өзге де нормативтік күқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі үйымдық-күқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар морі мен мортанбалары, белгіленген үлгілөгі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес казынаштық органдарында шоттары болады.

6. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-күқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

7. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесі егер заннамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-күқықтық қатынастардың тарапы болуга күкіры бар.

8. «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі оз күзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделеғін шешімдер қабылдайды.

9. «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің күрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамага сәйкес бекітіледі.

10. «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: индексі 021500, Казакстан Республикасы, Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 4 шағын ауданы, № 1 ғимарат.

11. Мемлекеттік органның толық атауы: «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

12. Осы Ереже «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің күргілтайшылық күжаты болып табылады.

13. «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

14. «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қәсіпкерлік субъектілерімен «Ақмола облысы Степногорск қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтөн алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттемелері**

15. Миссиясы: «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Степногорск қаласының аумагында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

16. Негізгі міндеттері:

- 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының тәндігі;
- 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдылығы;

3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және дербес ерекшеліктері ескеріле отырып, білімшін барлық деңгейіне халықтың колжетімділігі;

4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам омірі мен деңсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдылығы;

5) адамның күккістары мен бостандықтарын құрметтеу;

6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;

7) білім беру деңгейлерінің сабактастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;

8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;

9) білім беруді баскарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі кызметінің ашықтығы.

### 17. Функциялары:

1) Степногорск қаласының аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ білім беру саласындағы үәкілетті орган айқындаған тәртіппен мемлекеттік білім беру үйымдарының басшыларын лауазымға тағайындауды және лауазымнан босатады;

3) кешкі (аудысмады) оку пысандың қоса алғанда, мемлекеттік білім беру үйымдарында бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді және интернат үлгісіндегі үйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

4) мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, орта білім алғанға дейін оларды оқытуды үйымдастырады;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысының кажеттілігін, ата-ана төлемакысының мөлшерін айқындауды;

6) Ақмола облысының білім баскармасы арқылы қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ананың ақы толеу молшерін облыстың жергілікті атқарушы органдына бекітуге енгізеді;

7) Ақмола облысының білім баскармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органдына бекітуге орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын енгізеді;

8) қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік білім беру үйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

- 10) тірек мектептердің (ресурс орталыктарының) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;
- 11) қалалық деңгейде жүзеге асырылатын балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;
- 12) оқу-онлірістік комбинаттардың қызметін қамтамасыз етеді;
- 13) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге катысуын ұйымдастыруға жәрдемдесу;
- 14) мемлекеттік білім беру ұйымдарының (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) және мектепке дейінгі тәрбие жөнө оқыту ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;
- 15) орындаушылар конкурстары мен балаларға арналған көсіби шеберлік конкурстарын жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық, қалалық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыруды және еткізуі қамтамасыз етеді;
- 16) қалалық ауқымдагы мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік комек алуга күкігі бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік комек алмайтын, жан басына шаққандагы табысы ең тәмен күнкөріс деңгейінің шамасынан томен отбасылардан шыккан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамкорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтеншіс жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыккан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органды айқындастырып, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдагы күтіп-ұстауга және шаруашылық жүргізу күкігіндеги мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінстін бюджет каражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайзы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;
- 17) «Ақмола облысы білім баскармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі әдістемелік кабинетінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;
- 18) колданыстагы заңнамага сәйкес Степногорск қаласының білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;
- 19) бюджет қаражаты есебінен қаржылаидырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын кайта даярлауга және қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;
- 20) Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәріппен мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, орта білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;
- 21) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

- 22) Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және женілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;
- 23) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;
- 24) Степногорск қаласының мемлекеттік білім беру үйымдарын қадрлармен камтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 25) Степногорск қаласында орналаскан білім беру үйымдарының психологиялық қызметтінің жұмысын үйлестіруді камтамасыз етеді;
- 26) негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұксат беру;
- 27) камкоршылық кенестерге жәрдем көрсету;
- 28) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер корсетеді;
- 29) жетім балаларды, ата-анасының камкорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіппен мемлекеттік камтамасыз етуді жүзеге асырады;
- 30) мектепке дейінгі тәrbis және оқыту үйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық комек корсетеді;
- 31) білім беру үйымдарында, оның ішінде Степногорск қаласында орналаскан үйымдарда ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;
- 32) Степногорск қаласының білім беру үйымдары қызметкерлерінің енбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;
- 33) Ақмола облысының білім басқармасына «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесінің күрылымын көлісуге енгізеді және бекітеді;
- 34) Степногорск қаласының маңызы бар қаланың тиісті шағын участкесінің қажеттілігін негізге ала отырып, мемлекеттік білім беру үйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оку жостарларын (мектепке дейінгі тәrbie мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ак орта білім беру үйымдарының сыйып-жыныстықтарының санын көліседі;
- 35) мемлекеттік білім беру үйымдарының бірінші басшыларын тәртілтік жауапкершілікке тартады;
- 36) осы бүйрекпен жүктелген функцияларды іске асыруды камтамасыз ету үшін бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;
- 37) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заннамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.
18. Құқыктары және міндеттемелері:
- 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша болаш болімі» мемлекеттік мекемесінің күзіретіне енетін жеке тұлғалардың

мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан қажетті ақпараттарды және құжаттарды сұратады және алады;

2) ведомствога бағыныстағы ұйымдарды күру, қайта куру және тарату туралы ұсыныстарды енгізеді;

3) өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті озге де құқыктар.

### **3. Мемлекеттік органдың қызметін ұйымдастыру**

19. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне басшылықты «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

20. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен қызметке тагайындалады және қызметтен босатылады.

21. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының өкілеттігі:

1) Казакстан Республикасының заннамасына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, ведомствога бағынысты ұйымдардың басшыларын қызметке тагайындейді және қызметтен босатады;

2) Казакстан Республикасының колданыстағы заннамасына сәйкес мемлекеттік ұйымдарда «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін ұсынады;

3) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құқықтық актілерінде қол кояды;

4) Казакстан Республикасының колданыстағы заннамасында белгіленген тәртіппен «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және ведомствога бағыныстағы ұйымдардың басшыларын көтермелей, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза колдану мәселелерін шешеді;

5) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметшілерінің, сондай-ақ ведомствога бағыныстағы ұйымдар басшыларының лауазымдық нұсқаулыктарын бекітеді;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қолданады және оған жеке жауап береді;

7) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бакылауды жүзеге асырады және ол үшін Казакстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылықта болады;

8) Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

22. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезенде, оның өкілеттіктерін қолданыстагы заннамаға сәйкес оны ауыстыратын тұлға аткарады.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заннамамен көзделген жағдайларда жедел басқару күкінде оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алғанған мүлік (акшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заннамасында тыйым салынбаган өзге де көздер есебінен калыптастырылады.

24. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық мүлікке жатады.

25. Егер заннамада өзгеше көзделмесе, «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі озіңе бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген каражат есебінен сатып алғанған мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік стүгеге күкігі жок.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жүзеге асырылады.

«Ақмола облысы білім  
басқармасының  
Степногорск қаласы  
бойынша білім белімі»  
мемлекеттік мекемесі  
туралы ережеге қосымша

**«Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы  
бойынша білім болімі» мемлекеттік мекемесінің қарамагындағы  
коммуналдық мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

- 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Ұбырай Алтынсарин атындағы № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 2) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 3) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының А.С. Пушкин атындағы № 3 көпсалалы мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 4) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Л.Н. Толстой атындағы № 4 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 5) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының С. Сейфуллин атындағы № 5 көпсалалы мектеп – лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 6) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 7) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Ю.А. Гагарин атындағы № 7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 8) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Шоқан Ұәлиханов атындағы № 8 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 9) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімі Степногорск қаласының Қаныш Сәтпаев атындағы № 9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 10) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Аксу кентінің № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

- 11) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 12) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Бестөбе кентінің № 1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 13) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Бестөбе кентінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 14) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Заводской кентінің жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 15) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Шантөбе кентінің В. Комаров атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 16) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Қараңыз ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 17) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Изобильный ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 18) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Қырық құдым ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 19) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Байконыс ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 20) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Ақсу кентінің негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 21) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Бестөбе кентінің негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 22) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Бөгенбай ауылының бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 23) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі Степногорск қаласының кешкі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
- 24) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімі түзеу мекемелері жаңындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**«Ақмола облысының Степногорск қаласы бойынша білім болімі»  
карамағындағы мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорындардың тізбесі**

- 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Айғөле» № 1 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 2) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Балдырган» № 2 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 3) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Алшамыс» № 3 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 4) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Арман» № 4 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 5) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Еркетай» № 5 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 6) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімінің жанындағы Шантөбе кентінің «Мерей» № 6 балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 7) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Заводской кентінің «Арай» балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 8) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Пүршуақ» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 9) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Балауса» бобеюжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 10) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімінің жанындағы Степногорск қаласының балалар-жасөспірімдер шыгармашылық орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 11) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының балалар музика мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 12) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімінің жанындағы Степногорск қаласының балалар көркеменер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;
- 13) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім белімінің жанындағы Степногорск қаласының «Батыр» балалар-

жасеспірімдер спорттық мектебі» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны;

14) «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім болімінін жаңындағы Степногорск қаласының мектепаралық оку-өндірістік комбинаты» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны.

### І. Облыс подразделени

Ақмолинская областная управление образования Ақмолинской области – это орган исполнительной власти Ақмолинской области, осуществляющий общее образование в Ақмолинской области, а также подразделение Ақмолинской областной администрации, осуществляющее управление в сфере образования на транспортной, социальной и научной базе.

Ақмолинское областное управление образования Ақмолинской области – это орган исполнительной власти Ақмолинской области, осуществляющий общее образование в Ақмолинской области, а также подразделение Ақмолинской областной администрации, осуществляющее управление в сфере образования на транспортной, социальной и научной базе.

Ақмолинское областное управление образования Ақмолинской области – это орган исполнительной власти Ақмолинской области, осуществляющее управление в сфере образования на транспортной, социальной и научной базе.

Ақмолинское областное управление образования Ақмолинской области – это орган исполнительной власти Ақмолинской области, осуществляющее управление в сфере образования на транспортной, социальной и научной базе.

Ақмолинское областное управление образования Ақмолинской области – это орган исполнительной власти Ақмолинской области, осуществляющее управление в сфере образования на транспортной, социальной и научной базе.